

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар белгілеудің тәртібі мен шарттарын айқындау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 259 қаулысы

Ескерту. 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімнің 4-тармағымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 2-тармағына, "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар белгілеудің тәртібі мен шарттары айқындалсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмелерін қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін ресми жариялау және Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Абдулов

Солтүстік Қазақстан облысы

Уәлиханов ауданы әкімдігінің

2024 жылғы "_____"

№ ____ қаулысына

қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар белгілеу тәртібі мен шарттары

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар (бұдан әрі – ынталандырушы үстемеақылар) белгілеудің тәртібі мен шарттары "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5-тармағының 3) тармақшасы негізінде әзірленді және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар (бұдан әрі – ұйым) қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар белгілеудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 1 - бабы 1-тармағының 37) тармақшасына сәйкес жалақы - қызметкердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасы мен жағдайларына, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдерге байланысты еңбегі үшін сыйақы.

2 тарау. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар белгілеу тәртібі

3. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ынталандырушы үстемеақылардың белгіленген мөлшерінің негізінде "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес қосымша бюджет қаражатына қажеттілік қалыптастырады және "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бюджеттік өтінім жібереді.

4. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес, аудандық бюджет комиссиясының қарауына ынталандырушы үстемеақылар бойынша қосымша қажеттілікті шығарады.

5. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына ынталандырушы үстемеақыларға бюджет қаражатын бөлу

кезінде ұйым басшысы кадр қызметі қызметкерінің не оны алмастыратын адамның жазбаша ұсынуы (бұдан әрі - ұсынымы) негізінде қызметкерлерге ынталандырушы үстемеақылар төлеу туралы тоқсан сайын шешім қабылдайды.

Ұйымның басшысы ұсынымды қарау нәтижесінде ол тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде келіседі не лауазымдық жалақыға ынталандырушы үстемеақыны белгілеуден бас тарту себептерін негіздей отырып, тіркелген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде бас тартады. Қызметкер шешім шығарылғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде бас тарту туралы хабардар етіледі.

6. Осы қаулының 12-тармағында көрсетілген шарттар қызметкерлерге ынталандырушы үстемеақылар төлеуден бас тарту үшін негіздер болып табылады.

7. Ұсынымда қызметкердің тегі мен лауазымы, ынталандырушы үстемеақының мөлшері және тәртіптік жазаның жоқтығы туралы мәліметтер көрсетіледі.

3-тарау. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар белгілеу шарттары

8. Ынталандырушы үстемеақылар қызметкерлерді ынталандыру мақсатында белгіленетін төлемдер болып табылады.

9. Бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген материалдық көмектің және ынталандырушы төлемдердің бұрыннан бар түрлеріне қосымша төлемдер болып табылады.

10. Қызметкерлердің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар төлеу қызметкерлердің еңбегін ынталандырудың төленген түрлерін тоқтату үшін негіз болып табылмайды (сыйлықақылар, қосымша ақылар, лауазымдарды қоса атқарғаны үшін, қамту аймағын кеңейткені үшін үстемеақылар, үстеме жұмыс және басқалар).

11. Қызметкерлердің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар төлеу күнтізбелік жыл ішінде тоқсан сайын жүзеге асырылады.

12. Еңбекақы төлеудің негізгі көрсеткіштерін, бюджет мүмкіндіктерін талдау негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда ынталандырушы үстемеақылар жыл сайынғы негізде қайта қаралуы мүмкін.

13. Лауазымдық айлықақыларға ынталандырушы үстемеақы төленбейді:

- 1) алынбаған тәртіптік жаза болған кезде;
- 2) ұйымда бір айдан аз жұмыс істегендерге;
- 3) қызметкердің сынақ мерзімінде болу кезеңі;
- 4) лауазымның тиісті санатының функциялары уақытша орындалған жағдайда;
- 5) жалақысы сақталмайтын демалыс кезеңінде;
- 6) оқу демалысы кезеңінде;
- 7) жүктілікке және баланың (балалардың) туылуына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс кезеңінде;

8) бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыс кезеңінде;

9) қызметкерді материалдық жауапкершілікке тарту кезеңінде;

10) қызметкердің еңбекке уақытша жарамсыздығы кезеңінде;

11. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының жергілікті бюджеті бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына ынталандырушы үстемеақылар төлемдерін қаржыландыру көзі болып табылады.

12. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының шешімі бойынша осы бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар белгілеудің тәртібі мен шарттарына 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген санаттар бойынша белгіленеді.

Солтүстік Қазақстан облысы
Уәлиханов ауданының жергілікті
бюджетінен қаржыландырылатын
ұйымдар қызметкерлерінің
лауазымдық айлықақыларына
ынталандырушы үстемеақылар
белгілеу тәртібі мен шарттарына
1-қосымша

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын келесі ұйымдардың D, C-2, C-3 блогына (қосалқы персонал) жататын жұмыскерлердің және жұмысшылардың (біліктілік разряды) лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақылар:

1) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі; 5) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудан әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылық және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

№ р/н	Лауазымдардың толық жазылуы (атауы)	Лауазымдық айлықақыға үстемеақы
1	2	3
1.	Жүргізуші	100%
2.	Архивариус	50%
3.	Аула сыпырушы	50%
4.	Аударма жөніндегі редактор	50%
5.	Басшының хатшысы	50%
6.	Статистик	50%
7.	Күзетші	50%
8.	Қызметтік орын жайларды тазалаушы	50%
9.	Көшіру-көбейту машиналары операторы	50%
10.	Қоймашы	50%
11.	Компьютерлік техника (бағдарламалар) операторы	50%
12.	Комендант	50%
13.	Қазандық машинисі (кочегар)	50%
14.	Жұмысшы	50%
15.	Қоғамдық кеңестің хатшысы	50%

Солтүстік Қазақстан облысы
Уәлиханов ауданының жергілікті
бюджетінен қаржыландырылатын
ұйымдар қызметкерлерінің
лауазымдық айлықақыларына
ынталандырушы үстемеақылар
белгілеу тәртібі мен шарттарына
2-қосымша

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын келесі ұйымдардың D, C-2, C-3 блогына (қосалқы персонал) жататын жұмыскерлердің және жұмысшылардың (біліктілік разряды) лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақылар:

1) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Қайрат ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Қаратерек ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Көктерек ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Кішкенекөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Құлықөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

10) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Телжан ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

11) "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

№ р/н	Лауазымдардың толық жазылуы (атауы)	Лауазымдық айлықақыға үстемеақы
1	2	3
1.	Жүргізуші	100%
2.	От жағушы	50%
3.	Әдіскер	50%
4.	Іс жүргізуші	50%
5.	Статистик	50%
6.	Күзетші	50%
7.	Қызметтік үй-жайларды тазалаушы	50%
8.	Электрик	50%
9.	Комендант	50%
10.	Қазандық машинисі (от жағушы)	50%
11.	Жұмысшы	50%